

Білім беру ұйымдарындағы қызметті қоспағанда, дене шынықтыру-сауықтыру, спорт қызметтерін көрсету жөніндегі қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 28 шілдедегі N 786 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 маусымдағы № 753 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.07 № 753 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктердің аражігін ажырату және бюджеттік қатынастар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 20 желтоқсандағы N 13 Заңын іске асыру және білім беру ұйымдарындағы қызметті қоспағанда, дене шынықтыру-сауықтыру, спорт қызметтерін көрсету жөніндегі қызметті лицензиялау тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық базаны одан әрі жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. (Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.11.09. N 1063 (ресми жарияланған күнінен бастап жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 41, 515-күжат) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

реттік нөмірі 27-жолдағы 3-баған мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"заңды және жеке тұлғалардың бірінші, екінші және үшінші санаттағы спорт құрылыстарында дене шынықтыру-сауықтыру, спорт қызметтерін көрсету жөніндегі қызметі, сондай-ақ дене шынықтыру-сауықтыру, спорт клубтарының, орталықтардың, секциялардың, жергілікті қоғамдық бірлестіктердің, одақтардың, қауымдастықтардың (облыстық федерациялардың) дене шынықтыру және спорт жөніндегі қызметі";

реттік нөмірі 36-жолдағы 3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"заңды және жеке тұлғалардың жоғары санаттағы спорт құрылыстарында

дене шынықтыру-сауықтыру, спорт қызметтерін көрсету жөніндегі қызметі, сондай-ақ республикалық және өңірлік қоғамдық бірлестіктердің, одақтардың, қауымдастықтардың (спорт түрлері бойынша федерациялардың) дене шынықтыру және спорт жөніндегі қызметі;"

3. "Білім беру ұйымдарындағы қызметті қоспағанда, дене шынықтыру-сауықтыру, спорт қызметтерін көрсету жөніндегі қызметті лицензиялау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1374 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 49, 569-құжат) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2005 жылғы 28 шілдедегі

N 786 қаулысымен

бекітілген

**Білім беру ұйымдарындағы қызметті қоспағанда,
дене шынықтыру-сауықтыру, спорт қызметтерін көрсету
жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары**

Ескерту. Талаптарының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.11.09. N 1063 (ресми жарияланған күнінен бастап жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2005 жылғы 28 шілдедегі

N 786 қаулысымен

бекітілген

**Білім беру ұйымдарындағы қызметті қоспағанда,
дене шынықтыру-сауықтыру, спорт қызметтерін көрсету
жөніндегі қызметті лицензиялау ережесі**

Ескерту. Ереженің күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.11.09. N 1063 (ресми жарияланған күнінен бастап жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК